

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 ___ ЖЫЛҒЫ « ___ » _____

№ _____

010000, Нур-Султан, Мажиліс Парламента

« ___ » _____ 20 ___ года

2021 жылғы 7 сәуірде жарияланды

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары
Р.В. Склярға

Депутаттық сауал

Құрметті Роман Васильевич!

Жалпы, Қазақстанның су қауіпсіздігі мемлекеттік деңгейде бас қатыратын үлкен мәселе. Ресеймен арадағы трансшекаралық өзендерден бөлек, Қытай және Қырғызстанмен арадағы су мәселесі тағы бар. Бұл тарапта да су дауы ауық-ауық көтеріліп тұрады.

Ресей Федерациясы Орынбор қаласын сумен қамтамасыз етуді жақсарту мақсатында Жайық су бөгетін салу жоспарлануда. Болжам бойынша, бөгет құрылысына 300 миллион рубль жұмсау көзделген. Еуропаның ұзындығы жағынан үшінші өзені болып саналатын Жайықтың суы жыл өткен сайын азайып барады. 2010 жылдан бері өзен 2,5 метрге төмендеген. Қазірдің өзінде Жайықтың бойында 12 су бөгеті бар. Қазір жұмыс істеп тұрған 12 бөгеттің әрқайсысының көлемі 10 млн метр кубты құрайды. Бұл алдағы уақытта экологиялық қиындықтармен қоса, Қазақстанның су қауіпсіздігіне де үлкен соққы болуы мүмкін. Қазірдің өзінде Батыс Қазақстан облысы Ресейдің Саратов және Волгоград облыстарына тәуелді. Жыл сайын БҚО Саратовтан – 54 млн метр куб, Волгоградтан – 28 млн метр куб су алады. Бірақ бұл су жеткіліксіз. Батыс Қазақстанды толық сумен қамтамасыз ету үшін қосымша 131 млн метр куб су қажет. Қазақстан Ресейден 1 метр куб суды 4,6 рубльге сатып алып отыр.

Осы жылы Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Асқар Ұзақбайұлы Мамин Ресейден су сатып алуға қатысты мәлімдеме жасаған еді. Онда «Батыс Қазақстан облысына Ресейден 131 млн метр куб су сатып алуға байланысты 3,5 млрд теңге қаржы бөлу мәселесі 2021 жылға арналған бюджеттің мүмкіндігіне қарай қарастырылатынын» айтқан болатын.

2019 жылы Қырғызстан парламенті Қырғыз Республикасының Су Кодексіне өзгертулер мен толықтырулар енгізу мәселесін талқылаған.

Қырғыз елінің сол кездегі Ауылшаруашылығы, тамақ өнеркәсібі және мелиорация министрінің орынбасары Жаныбек Керімәлиев «Су туралы заңға өзгертулер енгізілсе, Қырғызстан көрші елдерден су үшін қаржы талап ете алады» деп мәлімдеген. Бұған дейін дәл осы мәселені 2000 жылдары Қырғыз парламентінің депутаттары көтерген болатын.

2019 жылғы статистика бойынша, Қазақстан Қырғызстанға су алғаны үшін жылына 119 миллион теңге төлеп келген. Бірақ бұл қаржы суға емес, Қырғызстан аумағындағы су қоймаларын жөндеуден өткізуге берілген.

Қытаймен арадағы су мәселесі Ресей және Қырғызстанмен салыстырғанда әлде қайда күрделі. Іле мен Ертістің суына Нұр-Сұлтан, Өскемен, Семей, Павлодар, Қарағанды, Балқаш өңірлерінің тағдыры тікелей байланысты. Бұл екі өзенді де арнасынан бұрып алу, бөгет, электрстанцияларын салу мәселелері айналып өткен жоқ. Ертістің де, Іленің де бастауы Қытай аумағында. 2000 жылы ресми Бейжің Батыс Қытайды (Шыңжаң ұйғыр автономиялық ауданын) игеру бағдарламасын қабылдады. 2019 жылы Қытай Ертіс-Қарамай каналы арқылы Қара Ертістің 30 пайыз суын Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданына бұрып алған. 2000-2002 жылдары аймақтың экономикалық өсімі 8,2-8,7 пайыз көлемінде болды. 2006-2009 жылдары бұл көрсеткіш 12 пайызға дейін жеткен. Бейжің Батыс Қытай халқының санын 2030 жылға қарай 20 миллионнан 100 миллионға жеткізуді жоспарлап отыр. Бұл дегеніміз, алдағы уақытта Ертіс суын пайдалану бірнеше есеге артады деген сөз. Бұған қоса, Қытай Ертіс-Үрімжі каналы арқылы Қара Ертіс суының бір бөлігін Тарым су бассейніне айдауда. Ол жерден үлкен көлемде мұнай мен газ табылған. Қазіргі уақытта Бейжің бұл жерді де белсенді түрде игеруде. Бұдан бөлек, Қытай Іле өзенінің бойына 15 су қоймасын және 59 суэлектр құрылысын орнатып, жыл сайын Іледен 15 кубкилометр су алуда. Сарапшы экологтардың болжамынша, егер Бейжің Іле суын пайдалануды тағы 10 пайызға көбейтетін болса, онда Балқаш екіге бөлініп, Арал теңізінің тағдырын қайталауы мүмкін деген ақпарат бар.

Солтүстіктегі көршілеріміздің бастамасы, Батыс Қазақстанның экологиялық қауіпсіздігіне кері әсерін тигізбей ме? Қазақстанның су қауіпсіздігі мәселесі қалай шешілуде? Қазақстан үшін су қауіпсіздігі, судың тапшылығы алдағы 10-20 жылда алдыңғы қатарға шығатыны анық. Оны шешу үшін қандай да бір әрекеттер жасалып жатыр ма, жоқ әлде болашақтың еншісіне қалдырды ма ол жағы белгісіз.

Құрметті Роман Васильевич жоғарыда баяндалғанның негізінде, Сізден осы депутаттық сауалды қарап, Үкіметтің осы проблемаларға қатысты ұстанымын көрсетсеңіз.

Жауапты «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 27-бабына сәйкес жазбаша түрде жолдауыңызды сұраймын.

Құрметпен,

Қазақстан Халық партиясының фракциясы:

Ф. К. Каменов

Ж.А. Ахметбеков

З.Ғ. Құлахметов

А. О. Қоңыров

А.А. Милютин

А.М. Паяев

С.Н. Решетников

А.А. Сқақова

Е.В. Смайлов

И.В. Смирнова

Орын. А. Аимбетова

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 ___ жылығы « ___ » _____

№ _____

010000, Нур-Султан, Мажиліс Парламента

« ___ » _____ 20 ___ года

Оглашен 7 апреля 2021 года

**Заместителю
Премьер-Министра
Республики Казахстан
Скляр Р.В.**

Депутатский запрос

Уважаемый Роман Васильевич!

В целом водная безопасность в Казахстане - большая проблема на государственном уровне. Помимо трансграничных рек с Российской Федерацией, есть водные проблемы с другими странами такие как Китай и Кыргызстан. В этом направлении тоже периодически возникают споры о воде.

Так, в целях улучшения водообеспечения города Оренбурга Российской Федерацией планируется строительство Уральской плотины, на строительство которой планируется выделить 300 миллионов рублей. В реке Урал, которая является третьей по протяженности рекой Европы, воды с каждым годом становится все меньше и меньше. С 2010 года вода в реке опустилась на 2,5 метра.

На Урале уже имеется 12 плотин, объем каждой из 12 существующих плотин составляет 10 миллионов кубометров. Это может стать серьезным ударом по водной безопасности Казахстана в будущем, помимо экологических проблем.

Уже сейчас Западно - Казахстанская область находится в зависимости от Саратовской и Волгоградской областей. Ежегодно ЗКО получает 54 млн кубов воды из Саратова, 28 млн кубов – из Волгограда. Но этой воды недостаточно. Для полноценного водоснабжения Западного Казахстана требуется еще 131 миллион кубометров воды. Казахстан покупает у Российской Федерации 1 кубометр воды за 4,6 рубля.

В этом году Премьер-министр Республики Казахстан Мамин Аскар Узакпаевич выступил с заявлением о покупке воды у Российской Федерации. В нем было отмечено, что «Бюджетом на 2021 год будет рассмотрен вопрос о выделении 3,5 миллиарда тенге на закупку 131 миллиона кубометров воды у России для Западно-Казахстанской области».

В 2019 году в Парламенте Кыргызстана обсуждалось внесение изменений в Водный кодекс Кыргызской Республики.

Жаныбек Керималиев, тогдашний заместитель министра сельского хозяйства, пищевой промышленности и мелиорации Кыргызстана, сказал, что в случае внесения изменений в водное законодательство Кыргызстан может потребовать деньги у соседних стран за воду. Ранее этот же вопрос поднимали в 2000-х годах депутаты киргизского парламента.

По статистике на 2019 год, Казахстан платил Кыргызстану за воду 119 миллионов тенге в год. Однако эти средства были выделены не на воду, а на ремонт водоемов в Кыргызстане.

Вопрос воды с Китаем куда сложнее, чем с Российской Федерацией и Кыргызстаном. Судьба Нур-Султана, Усть-Каменогорской, Семейной, Павлодарской, Карагандинской, Балхашских регионов напрямую связана с водами Или и Иртыша. Не обошли стороной и вопросы отвода от русла обеих рек, строительства плотин, электростанций. Истоки и Иртыша, и Или находятся на территории Китая. В 2000 году Пекин официально принял программу развития Западного Китая (Синьцзян-Уйгурский автономный район). В 2019 году Китай отводил 30% воды Черного Иртыша в Синьцзян-Уйгурский автономный район через канал Иртыш-Карамай. Экономический рост региона в 2000-2002 годах составил 8,2-8,7%. В 2006-2009 годах этот показатель достиг 12%. Пекин планирует увеличить численность населения Западного Китая с 20 миллионов до 100 миллионов к 2030 году. Это означает, что в будущем использование Иртышской воды увеличится в несколько раз. Кроме того, Китай закачивает часть Черного Иртыша в Таримский бассейн через канал Иртыш-Урумчи. Здесь было обнаружено большое количество нефти и газа. В настоящее время Пекин активно развивает и это направление. Кроме того, Китай установил 15 водохранилищ и 59 гидроэлектростанций вдоль реки Или и ежегодно получает 15 кубических километров воды из реки Или. По прогнозам экспертов экологов, если Пекин увеличит потребление Илийской воды еще на 10 процентов, то Балхаш может разделиться на две части и повторить судьбу Аральского моря.

Отразится ли инициатива наших северных соседей негативно на экологической безопасности Западного Казахстана? Как решаются вопросы водной безопасности Казахстана? Очевидно, что водная безопасность для Казахстана, дефицит воды в ближайшие 10-20 лет выйдут на первый план. Неизвестно, предпринимаются ли какие-либо шаги для его решения, или это оставлено на будущее.

Уважаемый Роман Васильевич, исходя из вышеизложенного, рассмотрите этот депутатский запрос и укажите позицию Правительства по этим вопросам.

Просим направить ответ письменно в соответствии со статьей 27 Конституционного Закона Республики Казахстан «О Парламенте Республики Казахстан и статусе его депутатов».

С уважением,

Члены Народной партии Казахстана:

Ф.К. Каменов

Ж. А. Ахметбеков

З. Ғ. Құлахметов

А. О. Қоңыров

А. А. Милютин

А. М. Паяев

С. Н. Решетников

А. А. Скакова

Е. В. Смайлов

И. В. Смирнова

Исп. А. Аимбетова
74-63-48